



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.09.2024

Қарағанды қаласы

№ 105 КК.

город Караганда

Тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы 2007 жылғы Білім және ғылым министрлігінің «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы» қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына толықтырулар енгізу туралы, ҚР Үкіметінің 2012 жылдың 22 ақпандағы № 255 қаулысы, «Қарағанды қаласының білім басқармасының» ММ 2024 жылғы 26 тамыздағы №391 бұйрығына, Қарағанды облысы білім бөлімінің ММ 2024 жылғы 29 тамыздағы №428 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 оқу жылының 2 -ші қыркүйек айынан бастап мектеп оқушыларына асханада ыстық және буфеттік тамақтандыру ұйымдастырылсын.
2. 1-4 бастауыш сынып оқушылары аптасына 5 күн бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтылсын және әр оқушыға бір күндік тамақтану құны 520 теңге болып бекітілсін.
3. 5-11 сыныптар арасында әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларына жалпыға міндетті оқу қорынан тегін тамақтандыру ұйымдастырылсын және әр оқушыға бір күндік тамақтану құны 520 теңге болып бекітіліп, құжаттар заңнамаға сәйкес жүргізілуіне жауапты әлеуметтік педагог Г.Т. Бакеловаға жүктелсін.
4. Мектеп арендаторының есебінен келісім бойынша әлеуметтік қорғалмаған отбасы балалары тамақтандырылсын және тізімі бекітілсін.
5. «Жалпыға міндетті оқу қорынан» уақытылы қаржының бөлінуін қамтамасыз ету мектептің бас есепшісі З.М. Мухтароваға жүктелсін.
6. Оқушылардың күнделікті тамақтану жағдайын қадағалау, ас блогының паспортын дайындап бекіту директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Ораловаға жүктелсін.
7. Айына екі рет мектеп асханасы, оқушылардың тамақтану жағдайын тексеру, акт толтыру мониторингтік комиссия мүшелеріне жүктелсін.
8. Мектептің асханасында күнделікті оқушылардың тамақтану жағдайын тексеру бракераждық комиссия мүшелеріне жүктелсін.

9. Мектеп оқушыларына арналған ыстық және буфеттік тағамдар ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларына бекіту туралы бұйрығына сәйкес ұйымдастырылсын.

10. Бастауыш сынып оқушыларына және 5-11 сыныптың әлеуметтік қорғалмаған отбасы оқушыларына арналған білім бөлімінен келген және мектеп директорымен бекітілген ас мәзірін ұстану сақталынсын.

11. Оқушыларға құрамында сергіткіш компоненттері бар сусындары, газдалған және алкогольсіз энергетикалық сусындарды сатуға тиым салынсын.

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Ораловаға жүктелсін.

Директордың м.а.



С. Майганова

Орындаған: ӘП

Бұйрықпен таныстым:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Оралова 

Бас есепші З.М.Мухтарова 

Әлеуметтік педагог Г.Т.Бакелова 